

**Шетелдік педагогика тарихындағы
әлеуметтік-педагогикалық және
өзіндік таным ой-пікірлері.**

Глоссарий

- **Тәрбие** - адамның рухани дамуы мен оны қоғамдағы өмір мен еңбекке даярлаудың мақсатты бағытталған процесі. (Психологиялық-педагогикалық сөздік)
- **Қоғамдық пікір** – әлеуметтік өмір фактілері, ұжымдық қызмет және жеке адамдардың іс-әрекеті жөніндегі біріңғай баға. (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі)
- **Қоғам** - жалпы мағынасында, мәдениеті ортақ, белгілі бір аумақта тұратын және өздерін біртұтас, өзгеше бірлестік деп білетін адамдар тобы. (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі)
- **Субнорма**-(sub-асты, төмен норма-үлгісі) бала дамуының қалыпты жағдайдан төмен болуы
- **Супранорма**-(supra-үсті, жоғары норма-үлгісі) баланың бойындағы дарындылық, қатарластармен салыстырғанда ерекше көріну.
- **Денорма**- (de-қалыпты жағдайға сай емес екендігін білдіреді норма-үлгісі) бала дамуындағы қалыпты жағдайға сай келмеуін немесе ауытқуға жақын екенін айғақтайды. (Әлеуметтік педагогика тарихы)

Жоспар:

1. Орта ғасырдағы педагогтардың әлеуметтік-педагогика жайындағы ой-пікірлері.
2. Ағылшын және француз философтары мен ағартушыларының әлеуметтік-педагогика және өзіндік таным ой-пікірлері.
3. Ресей тарихындағы педагогтардың әлеуметтік-педагогика және өзіндік таным ой-пікірлері.

Ғылыми педагогиканың негізін салушы Ян Амон Коменский дін қызметшісі болып, епископ дәрежесіне дейін қызмет атқарған. Осы жағдай-оның еңбектерінің әлеуметтік педагогикалық ойларға толы болғандығына дәлел. Жас ұрпақты тәрбиелеуде педагог өзі құраған педагогикалық жүйесінің негізгі 4 бағытын ұсынады:

- 1) Болашақ өмірдегі білімге жету жолы мен жетістігіне сендіру;
- 2) Өзінің білімі мен іс-әрекеті арқылы қоғамдағы беделді орынға ие болу, «жер бетіндегі мәселелерді ақылмен шешуге» үйрету;
- 3) Қоғам ішінде адамдармен қарым-қатынасты реттеу, керексіз кикілжіндерден қашу, халықтар мен ел арасында бейбітшілікте өмір сүруге оқыту;
- 4) Адамдарды мінез-құлық пен жүріс-тұрысының бірлігін тең ұстауға баулу;

Осы міндетті шешу Я.А.Коменскийдің пікірінше, **жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеп, әділетті қоғамды құруға негіз болады.** Дәл осы уақыттан бастап, педагогиканың тармағы әлеуметтік педагогика болып қалыптасты.



(1592-1670)

- XVII ғасырда қоғамдағы адамның әлеуметтенуі мен тәрбиесіне байланысты тұжырымдамалар пайда болды. Олардың авторлары Джон Локк және Жан-Жак Руссо еді. Бұл тұжырымдамалар бір-бірінен принципті тұрғыда ерекшеленеді.



**«Азаматты» тәрбиелеу
отбасында жүзеге асады.
(Локк)**



**Азаматты тәрбиелеу
әлеуметтен
тыс жалпылай жүреді.
(Руссо)**

Бірақ, бұл екі тұжырымдаманы жалпы көзқарас біріктіреді-ол әрбір тұлғаға жеке тұрғыда қарым-қатынас жасап, оның мүмкіндіктері мен жеке қасиет сапаларын, қабілеттерін қоршаған ортамен байланыстыра отырып, тәрбие арқылы дамыту.



(1746-1827)

Атақты Швейцария педагогы И.Г. Пестолоции-педагогикадағы әлеуметтік бағыттын дамуына үлесін қосқан алғашқы педагогтардың бірі. Пестолоции әлеуметтік жағынан аз қамтылған балаларға заманына лайықты білім беру идеясы әлеуметтік педагогиканың басты тұжырымдамаларының бірін құрайды. **Пестолоции балалар мекемесіндегі тәрбие жұмысын әлеуметтік педагогиканың қарастыратын мәселесі деп есептеуге болады. Себебі:**

- 1) Адамдардың түрлі әлеуметтік топтарының болуы және әлеуметтік дамуына бағытталған.**
- 2) Кедей тұрғындардың әлеуметтік ұмтылысына жол ашады.**



(1854-1924)


- Пауль Герхарт Наторп XX ғасырдың басында қоғамның жалпы педагогикалану мәселелерін алға шығарып, тәрбие ұйымдарының ашылуын үндеді. Бұл әрекетті ол *әлеуметтік педагогика* деп атады. Наторп-әлеуметтік даму заңын құруды қарастырған-ғалым. Әлеуметтік педагогиканың қалыптасуына түрткі болған тақырыптар қоғам мен тәрбиенің байланысына қатысты мәселелер еді. Ондағы мәселе екі негізгі аспектігі ие: қоғам тәрбие үшін және тәрбие қоғам үшін. Ал, **Наторптың пікірінше, негізгі ереже: тәрбиедегі негізгі шарт қоғам болып табылса және керісінше қоғамның іс-әрекетінде шешуші шарт тәрбие деген.**



(1882-1960)

- 1920- жылдары ұжымдағы және әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелерімен көрнекті ғалым Виктор Николаевич Сорока-Росинский шұғылданады.
- В.Н.Сорока-Росинский ұжымдық педагогиканың жаңа қағидасын жасады: яғни әрқашан «мәжбүрлеудің» орнына «еріктілік»- бұл өзі үшін әрекет ету, өзін-өзі басқару, өзін-өзі белсендіру және бәсекеге қабілетті болу.

Л.В.Мардахаев Социальная педагогика оқулығында Сорока-Росинскийдің әлеуметтік педагогикалық теорияларына талдау жасаған. Сорока-Росинский бала дамуының үш түрін атап көрсетеді:



Субнорма- бала дамуының қалыпты жағдайдан төмен болуы

Супранорма- баланың бойындағы дарындылық, қатарластармен салыстырғанда ерекше көріну.

Денорма- бала дамуындағы қалыпты жағдайға сай келмеуін немесе ауытқуға жақын екенін айғақтайды



- **Антон Семенович Макаренко (1888-1939) -** кеңестік педагог. Педагогика тәжірибедегі бұрын болмаған қараусыз қалған жетім балаларды жалпылай қайта тәрбиелеудің тәжірибесін жүзеге асырды.
- **Оның айтуынша, қабілетсіз немесе “бұзылған” бала “сәтсіз педагогтардың” ойлап тапқандары, барлық “бұзылғандық, тәртіпсіздік және балалардың қылмескерлігі туа біткен және түзетуге болмайтын сапалар емес”.**
- Макаренко бүгінгі “бұзылған бала ертең қабілеті жануы мүмкін, отанының нағыз азаматы, Социалистік Еңбек ері болып шығады”, -деп есептеді. Макаренконың айтуынша, педагог оптимист болуға тиіс, алдағы бақытты балалық шақты көре білуі керек, адамға оптимизммен қарау керек.